



**Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын
өткізбей, сырттай дауыс беру арқылы 2021
жылғы 26 мамырға белгіленген «ҚазТрансОйл»
АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының материалдары**

Нұр-Сұлтан 2021

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

№ 3/2021 пункт 7

Нұр-Сұлтан қаласы

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА
ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

«22» сәуір 2021 ж./г.

город Нур-Султан

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі **ШЕШТІ:**

7.1. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, сырттай дауыс беру арқылы 2021 жылғы 26 мамырда мынадай күн тәртібімен «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы шақырылсын:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылдағы жылдық қаржылық есептілігін және шоғырланған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.

2) «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылдағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешімді қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

3) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылы атқарылған жұмысы туралы жылдық есебін бекіту туралы.

4) «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-қимылдарына 2020 жылдағы «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы.

5) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

7.2. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Д.Ғ. Досанов белгіленген тәртіпте осы шешімді іске асыру бойынша қажет шараларды қабылдасын.

Корпоративтік хатшы


А. Шманов
Директорлар кеңесі
Совет директоров



000431

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімі

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2020 жылға жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ**:

Қоса берілгендер бекітілсін:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2020 жылға жылдық қаржылық есептілігі келесі негізгі көрсеткіштермен:

	мың теңге	
Көрсеткіштердің атауы	2020 жыл	2019 жыл
Түсім	215 491 851	222 877 003
Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	(143 480 195)	(141 958 155)
Жалпы пайда	72 011 656	80 918 848
Әкімшілік шығыстар	(12 647 072)	(14 383 980)
Қаржылық кірістер	2 545 783	2 440 873
Қаржылық шығыстар	(3 774 886)	(3 989 274)
Өзге кірістер	7 527 955	3 254 089
Өзге шығыстар	(6 136 373)	(19 917 849)
Салық салғанға дейінгі пайда	59 527 063	48 322 707
Табыс салығы бойынша шығыстар	(13 911 276)	(14 979 015)
Жылдағы пайда	45 615 787	33 343 692
<i>Акцияға пайда (теңгемен)</i>	<i>119</i>	<i>87</i>
Активтер жиыны	766 368 243	830 756 866
Міндеттемелер жиыны	188 729 639	193 054 249
Капиталдың барлығы	577 638 604	637 702 617
<i>Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)</i>	<i>1 498</i>	<i>1 654</i>

2) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2020 жылға шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі келесі негізгі көрсеткіштермен:

Көрсеткіштердің атауы	мың теңге	
	2020 жыл	2019 жыл
Түсім	235 222 082	239 625 950
Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	(163 016 593)	(159 871 851)
Жалпы пайда	72 205 489	79 754 099
Әкімшілік шығыстар	(16 614 132)	(17 878 396)
Қаржылық кірістер	3 054 504	2 675 477
Қаржылық шығыстар	(3 775 306)	(3 884 190)
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы ұйымның үлесі	9 730 312	13 638 401
Өзге кірістер	8 092 350	1 662 278
Өзге шығыстар	(3 603 608)	(16 892 020)
Салық салғанға дейінгі пайда	69 089 609	59 075 649
Табыс салығы бойынша шығыстар	(13 135 711)	(13 954 211)
Жылдағы пайда	55 953 898	45 121 438
<i>Акцияға пайда (теңгемен)</i>	<i>145</i>	<i>117</i>
Активтер жиыны	859 162 401	912 813 470
Міндеттемелер жиыны	206 644 140	209 834 504
Капиталдың барлығы	652 518 261	702 978 966
<i>Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)</i>	<i>1 678</i>	<i>1 808</i>

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлерінің жалпы
жиналысының
2021 жылғы « ___ » _____
№ _____ шешімі жобасына қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы мәселеге түсіндірме жазба

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы « ___ » _____

1. Мақсат

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының Қоғамның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекітуі.

2. Міндет

Мүдделі тұлғаларды Қоғамның қаржылық жағдайы және оның 2020 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы толық және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету.

3. Экономикалық тиімділік

Қаржылық есептілік Қоғамның мүліктік жай-күйін, қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін бағалайтын ақпаратты қамтиды. Қаржылық есептілікті талдау қаржылық ресурстарға қажеттілікті айқындауға, капитал құрылымының тиімділігін бағалауға, Қоғам қызметінің қаржылық нәтижелерін болжауға, сондай-ақ Қоғамның қаржылық ресурстарын және қаржылық-шаруашылық қызметін басқарумен байланысты басқа да міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

4. Жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселені қысқаша сипаттау

Қоғамның Жарғысына сәйкес Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін олардың талқылауы және бекітуі үшін жыл сайын ұсынады.

Бұл ретте, Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту бойынша тиісті құзыреті Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 12) тармақшасында көзделген.

Қоғамның 2020 жылға жылдық қаржылық есептілігі келесі негізгі көрсеткіштермен ұсынылды:

Көрсеткіштердің атауы	мың теңге		
	2020 жыл	2019 жыл	Өзгеру, %
Түсім	215 491 851	222 877 003	-3%
Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	(143 480 195)	(141 958 155)	1%
Жалпы пайда	72 011 656	80 918 848	-11%
Әкімшілік шығыстар	(12 647 072)	(14 383 980)	-12%
Қаржылық кірістер	2 545 783	2 440 873	4%
Қаржылық шығыстар	(3 774 886)	(3 989 274)	-5%
Өзге кірістер	7 527 955	3 254 089	131%
Өзге шығыстар	(6 136 373)	(19 917 849)	-69%
Салық салғанға дейінгі пайда	59 527 063	48 322 707	23%
Табыс салығы бойынша шығыстар	(13 911 276)	(14 979 015)	-7%
Жылдағы пайда	45 615 787	33 343 692	37%
<i>Акцияға пайда (теңгемен)</i>	<i>119</i>	<i>87</i>	
Активтер жиыны	766 368 243	830 756 866	-8%
Міндеттемелер жиыны	188 729 639	193 054 249	-2%
Капиталдың барлығы	577 638 604	637 702 617	-9%
<i>Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)</i>	<i>1 498</i>	<i>1 654</i>	

Қоғамның 2020 жылға шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі келесі негізгі көрсеткіштермен ұсынылды:

Көрсеткіштердің атауы	мың теңге		
	2020 жыл	2019 жыл	Өзгеру, %
Түсім	235 222 082	239 625 950	-2%
Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	(163 016 593)	(159 871 851)	2%
Жалпы пайда	72 205 489	79 754 099	-9%
Әкімшілік шығыстар	(16 614 132)	(17 878 396)	-7%
Қаржылық кірістер	3 054 504	2 675 477	14%
Қаржылық шығыстар	(3 775 306)	(3 884 190)	-3%
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы ұйымның үлесі	9 730 312	13 638 401	-29%
Өзге кірістер	8 092 350	1 662 278	387%
Өзге шығыстар	(3 603 608)	(16 892 020)	-79%
Салық салғанға дейінгі пайда	69 089 609	59 075 649	17%
Табыс салығы бойынша шығыстар	(13 135 711)	(13 954 211)	-6%
Жылдағы пайда	55 953 898	45 121 438	24%
<i>Акцияға пайда (теңгемен)</i>	<i>145</i>	<i>117</i>	
Активтер жиыны	859 162 401	912 813 470	-6%
Міндеттемелер жиыны	206 644 140	209 834 504	-2%
Капиталдың барлығы	652 518 261	702 978 966	-7%
<i>Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)</i>	<i>1 678</i>	<i>1 808</i>	

Қоғамның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігіне Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 2019 жылғы 5 наурыздағы шешіміне (№2/2019 хаттама) сәйкес 2019-2021 жылдарға Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып белгіленген «Эрнст энд Янг» ЖШС аудит жүргізді.

Осыған байланысты, Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына Қоғамның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы мәселе шығарылады.

Қоғамның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін Қоғамның Басқармасы мақұлдады және Директорлар кеңесі алдын ала бекітті.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Қоғамның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

6. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер және ықтимал салдарлар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да болмасын тәуекелдердің туындауына әкеп соқтырмайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Д. Досанов

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімі

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2020 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту туралы

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

1. Бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай мекенжайында орналасқан, БСН 970 540 000 107, 2012 жылғы 29 тамыздағы қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік сериясы 62001 №0015217, Кбе 16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, SWIFT BIC: HSBKZZKX, KZ536010111000012185 (теңге) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2020 жылдың қорытындылары бойынша алған 55 953 898 000 (елу бес миллиард тоғыз жүз елу үш миллион сегіз жүз тоқсан сегіз мың) теңге мөлшеріндегі таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі:

дивидендтерді төлеуге 50 770 909 068 (елу миллиард жеті жүз жетпіс миллион тоғыз жүз тоғыз мың алпыс сегіз) теңге мөлшеріндегі соманы жолдау;

таза кірістің 5 182 988 932 (бес миллиард бір жүз сексен екі миллион тоғыз жүз сексен сегіз мың тоғыз жүз отыз екі) теңге мөлшеріндегі қалған сомасын «ҚазТрансОйл» АҚ-тың билігіне қалдыру;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегендегі 2020 жылғы дивиденд мөлшері 132 (жүз отыз екі) теңге сомада.

2. 2020 жылғы қорытындылар бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жай акцияларына дивидендтер алуға құқығы бар «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің тізімі 2021 жылғы 11 маусым 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша бекітілсін.

3. 2020 жылғы қорытындылар бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жай акцияларына дивидендтер төлеудің басталу күні болып 2021 жылғы 18 маусым белгіленсін.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу ақшамен, оларды «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің шоттарына белгіленген тәртіппен өздігінен аудару жолымен және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ атынан төлем агенті арқылы жүргізілсін.

5. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Д.Ф. Досанов осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2021 жылғы «__» _____
№ __ шешімінің жобасына қосымша

**«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2020 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту,
жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау
және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегендегі дивиденд
мөлшерін бекіту мәселесі бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-тың түсіндірме
жазбасы**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы «__» _____

1. Мақсаты

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлері жылдық жалпы жиналысының Қоғамның 2020 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекітуі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауы және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекітуі.

2. Міндеті

Қоғамның 2020 жылғы таза кірісін Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы отырысының 2012 жылғы 3 шілдедегі №75 хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ Дивидендтік саясатына және «ҚазТрансОйл» АҚ таза кірісін бөлу тәртібіне сәйкес акционерлер арасында бөлу.

3. Экономикалық тиімділігі

Қоғам қызметі тұрақтылығының, табыстылығының және тиімділігінің көрсеткіші болып табылатын Қоғамның өз акционерлері алдындағы міндеттемелерін орындау.

4. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселені жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғам дивидендтерінің мөлшері «ҚазТрансОйл» АҚ Дивидендтік саясатына және «ҚазТрансОйл» АҚ таза кірісін бөлу тәртібіне сәйкес

айқындалады. Дивидендтерді төлеуге бағытталған сома Қоғамның таза кірісінің 40% кем болмауы тиіс. Дивидендтерді есептеу үшін Қоғамның шоғырландырылған немесе жеке таза кірісінің ең үлкен шамасы қолданылады.

Қоғамның жарияланған 384 635 600 жай акциясының 346 172 040 жай акциясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа тиесілі, ал 38 463 559 жай акциясы 2012 жылғы 21 желтоқсанда «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру аясында «Қазақстан қор биржасы» АҚ-қа орналастырылды (бір жарияланған акция орналастырылмай қалды). Бұдан басқа, 2016 жылы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес миноритарлық акционердің өтініші және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі (2016 жылғы 26-27 мамырдағы №6/2016 отырыс хаттамасы) негізінде Қоғам 7500 дана көлемінде орналастырылған жай акцияларды сатып алды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 4-тармағына және Қоғам Жарғысының 7-бабы 4-тармағына сәйкес Қоғамның орналастырылмаған немесе өзі сатып алған акциялары бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді. Осыған байланысты Қоғамның орналастырылмаған бір жай акциясына, сондай-ақ сатып алынған 7500 акцияға дивидендтерді есептеу жүргізілмейді.

Қоғамның 2020 жылғы аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес шоғырландырылған таза кіріс 55 953 898 000 (елу бес миллиард тоғыз жүз елу үш миллион сегіз жүз тоқсан сегіз мың) теңгені құрады, ал Қоғамның жеке таза кірісі 45 615 787 000 (қырық бес миллиард алты жүз он бес миллион жеті жүз сексен жеті мың) теңгені құрады. Бұл ретте, Қоғамның шоғырландырылған таза кірісінің 40%-і 22 381 559 200 (жиырма екі миллиард үш жүз сексен бір миллион бес жүз елу тоғыз мың екі жүз) теңгені құрайды.

Қоғамның 2021-2025 жылдарға арналған бизнес-жоспарында 2020 жылғы дивидендтерді төлеу сомасы 36 000 000 000 (отыз алты миллиард) теңге мөлшерінде жоспарланды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі бір жылға дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарын қамтуы тиіс.

Қоғамның 2020 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындыларын, бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын, ағымдағы шығыстарды, салық міндеттемелерін орындау үшін ақша қаражатына қажеттілікті, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жоспарлау комитетінің ұсынымдарын ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі өзінің 2021 жылғы 22 сәуірдегі (№3/2021 отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына төмендегілерді бекітуді ұсынды:

1) Қоғамның 2020 жылдың қорытындысы бойынша алынған 55 953 898 000 (елу бес миллиард тоғыз жүз елу үш миллион сегіз жүз тоқсан сегіз мың) теңге мөлшеріндегі таза кірісін бөлудің келесі тәртібі:

дивидендтерді төлеуге 50 770 909 068 (елу миллиард жеті жүз жетпіс миллион тоғыз жүз тоғыз мың алпыс сегіз) теңге мөлшеріндегі соманы жолдау;

таза кірістің 5 182 988 932 (бес миллиард бір жүз сексен екі миллион тоғыз жүз сексен сегіз мың тоғыз жүз отыз екі) теңге мөлшеріндегі қалған сомасын Қоғамның билігіне қалдыру;

2) Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі 2020 жылғы дивиденд мөлшері 132 (жүз отыз екі) теңге сомада.

Бұдан басқа, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұсынылады:

1) 2020 жылғы қорытындылар бойынша Қоғамның жай акцияларына дивидендтер алуға құқығы бар Қоғам акционерлерінің тізімін 2021 жылғы 11 маусым 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша бекіту;

2) 2020 жылғы қорытындылар бойынша Қоғамның жай акцияларына дивидендтер төлеудің басталу күнін 2021 жылғы 18 маусымға белгілеу;

3) дивидендтер төлеуді ақшамен, оларды Қоғам акционерлерінің шоттарына белгіленген тәртіппен өздігінен аудару жолымен және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ атынан төлем агенті арқылы жүргізу.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Қоғам Акционерлері жылдық жалпы жиналысының Қоғамның 2020 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекітуі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауы және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивидендтер мөлшерін бекітуі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

6. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдау қандай-да бір проблемалар мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Д. Досанов

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің
2020 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін
бекіту туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

Ұсынылып отырған «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі бекітілсін.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2021 жылғы «__» _____
№ _____ шешімінің жобасына қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің
2020 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы
мәселе бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ түсіндірме жазбасы

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы «__» _____

1. Мақсат

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің 2020 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының бекітуі.

2. Міндет

Міндет мүдделі тұлғаларды Қоғамның Директорлар кеңесінің есепті кезеңдегі қызметінің нәтижелері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

3. Экономикалық тиімділік

Көзделмеген.

4. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылған мәселені жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

Қоғамның Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018 жылғы 24 мамырдағы №1/2018 хаттама) бекітілген Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ереженің 94-тармағына (бұдан әрі – Ереже) сәйкес Директорлар кеңесі жыл сайын Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына бекіту үшін ұсыну арқылы Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының алдында есеп береді.

Бұдан басқа, Қоғам Жарғысына сәйкес Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін Қоғам Акционерлері жалпы жиналысына ұсынуға жататын материалдар Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін де қамтуы тиіс.

Бұл ретте, Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту бойынша Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының тиісті құзыреті Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 14) тармақшасында қарастырылған.

Осыған орай, Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2016 жылғы 27 мамырдағы №3/2016 хаттама) бекітілген Корпоративтік

басқару кодексінің және Ереженің Директорлар кеңесінің жылдық есебінің мазмұнына қоятын талаптары басшылыққа алынып, Қоғам Директорлар кеңесінің 2020 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі әзірленді.

Қоғам Директорлар кеңесінің 2020 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін Қоғам Директорлар кеңесі белгіленген тәртіпте мақұлдады.

Баяндалғандар негізінде, Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының қарауына Қоғам Директорлар кеңесінің 2020 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы мәселе шығарылады.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Қоғам Директорлар кеңесінің 2020 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

6. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау әлдебір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

Директорлар
кеңесінің төрағасы



Д. Берлібаев

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2020 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2020 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштерінің жоқтығы туралы ақпарат назарға алынсын.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2021 жылғы «__» _____
№ __ шешімінің жобасына қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2020 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ
және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен
оларды қарау қорытындылары туралы
мәселе бойынша түсіндірме жазба

2021 жылғы «__» _____

Нұр-Сұлтан қ.

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) акционерлерінің 2020 жылғы Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштерінің жоқтығы туралы Акционерлер жалпы жиналысын хабардар ету.

2. Экономикалық тиімділік

Көзделмеген.

3. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылған мәселені жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 35-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 9-бабы 3-тармағына сәйкес Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Бұдан басқа, Заңның 44-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 9-бабы 28-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштерін және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

Шығарылып отырған мәселе аясында 2020 жылы акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері болмағанын атап көрсетеміз.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Қоғам акционерлерінің 2020 жылғы Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**

A handwritten signature in blue ink, appearing to read 'D. Dosanov', written in a cursive style.

Д. Досанов

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселені және ұсынылған материалдарды қарап, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ**:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) Д.Ф. Досанов:

1) осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларға қол қойсын;

2) осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2021 жылғы «__» _____ №__
шешімінің жобасына қосымша

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
мәселе бойынша түсіндірме жазба**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы «__» _____

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдау.

2. Экономикалық тиімділігі

Жоқ.

3. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселені жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар жекелеген қызмет түрлерін Қоғам қызметінің мәнінен алып тастау, Жарғыны «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға, сондай-ақ дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама түрде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа тиесілі ұйымдардың органдары үшін үлгілік құзыреттерге сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Қызмет мәні бөлігінде Қоғамның Жарғысынан қазіргі уақытта Қоғам жүзеге асырмайтын мынадай қызмет түрлері алып тасталады:

Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін таратушы құбырмен табиғи газ тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету;

магистральдық құбырмен су беру жөніндегі қызметтерді көрсету;

тарату желілерімен су беру жөніндегі қызметтерді көрсету;

Атырау облысының шекарасында сырт ұйымдар үшін химиялық реагенттерді қабылдау және сақтау жөніндегі қызметтерді көрсету.

Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша Қоғамның Жарғысына, атап айтқанда, мынадай түзетулер енгізіледі:

Қоғам Жарғысының орыс тіліндегі бүкіл мәтіні бойынша «аффилированными», «аффилированности», «аффилированных», «аффилированное» деген сөздер тиісінше «аффилированными»,

«аффилированности», «аффилированных», «аффилированное» деген сөздермен ауыстырылады, мемлекеттік тілде өзгертілмейді;

Директорлар кеңесі мүшелерінің және корпоративтік хатшының Директорлар кеңесінің бетпе-бет өткізілген отырысында қабылданған шешімдері бойынша хаттаманы жасау және оған қол қою мерзімі отырыс өткізілген күннен бастап үш күннен жеті күнге дейін ұзартылады;

Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет тек Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруы тиіс деген норма енгізіледі.

Дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама түрде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа тиесілі ұйымдардың органдары үшін үлгілік құзыреттерге қатысты. Көрсетілген құзыреттерді 2020 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ әзірлеп, оның еншілес және тәуелді ұйымдарының Жарғыларына енгізу үшін жіберді.

Осыған байланысты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлгілік құзыреттеріне сәйкес:

Жасалуына Қоғам мүдделі болатын ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдармен жасалатын осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау мәселесін Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызу бөлігінде ерекшелік енгізіледі;

Директорлар Кеңесінің айрықша құзыреті Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыруды немесе таратуды мақұлдау; Қоғамның орталық аппараты жұмыскерлерінің лауазымдық жалақыларының схемасын, еңбекке ақы төлеу қағидаларын бекіту; «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдармен жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар ірі мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау; Қоғам қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы), Басқарма мүшелері қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін Қоғамның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен бекіту; Қоғамның Бас директоры (Басқарма Төрағасы), Басқарма мүшелері қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін нақты мәндерімен және қорытынды нәтижелілігімен Қоғамның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен бекіту мәселелерімен толықтырылады;

Қоғам Басқармасының құзыреті Директорлар кеңесіне Қоғамның тәуекелдері бойынша, оның ішінде ішкі бақылау және Қоғамдағы қызметтің үздіксіздігін басқару жүйелері бойынша есептілікті Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен ұсыну мәселесімен толықтырылады, сондай-ақ Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің бес процентіне дейінгі сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдау мәселесі Қоғам Бас директорының (Басқарма төрағасының) құзыретінен Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне ауыстырылды (Жарғының қолданыстағы редакциясы бойынша Қоғам Басқармасы Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің бес процентінен он процентіне дейінгі сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдайды);

органдардың, сондай-ақ Қоғамның бас директорының (Басқарма төрағасының) мәмілелер жасасу жөніндегі құзыреті бөлігінде түзетулер енгізіледі, оның ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісуге жататын мәмілелер сомасының шегі 20 000 000 000 теңгеден 110 000 000 АҚШ долларына дейін ұлғаяды;

Қоғам органдарының құзыретіне жататын бірқатар басқа мәселелер нақтылануда.

Бұдан басқа, ағымдағы жылы Қоғам қызметі тиімділігінің аудитін жүзеге асырған Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мемлекеттік аудиторларының ұсынымдарына сәйкес Қоғам Жарғысының «Жалпы ережелер» деген 1-бабы мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылады:

«1-1. «Магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы №1273 қаулысымен Қоғам магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор болып айқындалды. Қоғамның магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор ретіндегі негізгі міндеттері мен функциялары көрсетілген қаулымен бекітілген Магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор туралы ережеде айқындалған.»

Жоғарыда айтылғандардан басқа Қоғамның Жарғысына редакциялық сипаттағы бірқатар өзгерістер енгізіледі.

Заңға және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған. Осыған байланысты Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қарауына Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе шығарылады.

Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесі мақұлдады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе бойынша шешім қабылдау қандай-да бір проблемалар мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Д. Досанов